

Фрэнсис Элиза Бернетт

# ҚҰПИЯ БАҚ

Роман

Балаларға арнап бейімдеген Назерке Жасарал

Астана-кітап баспасы  
Алматы, 2021

**ӘӨЖ 821.111-93**

**КБЖ 84 (4 Вел)**

**Ф 82**

Фрэнсис Элиза Бернетт

**Ф 82 Құпия бақ: Романның бейімделген нұсқасы.** – Алматы: Астана-кітап, 2021. - 38 б.

**ISBN 978-601-7595-48-7**

Мәри Леннокс кішкене кезінен ата-анасынан жылылық пен мейірім көрмей өседі. Сол себептен мінезі ауыр, суық, дөрекі, бұйыра сөйлейтін өркөкірек қыз еді. Бірақ Үндістанға келген індеттен сұлу анасы көз жұмып, жалғыз қалған Мәри Лондонға көшуге мәжбүр болады. Тағдыр кішкене қызды үлкен иелікте жалғыз қалдырғандай болса да, бұл жердің сиқыры Мәриге ерекше әсер етті. Зәулім үйдің түпкір бөлмесінен тапқан бауыры мен табиғаттың тілін жақсы түсінетін жаңа досы Мәридi өмірді қайта жақсы көруге, жақсылық жасау мен мейірімді болуға үйретеді. Құпия бақтың ішінде үш дос өздері үшін түрлі сиқырдың сырын ашады.

**ӘӨЖ 821.111-93**

**КБЖ 84 (4 Вел)**

ISBN 978-601-7595-48-7

©Астана-кітап, 2021



Фрэнсис Элиза Бернетт 1849 жылы Англияда дүниеге келген. Ауласындағы ғажайып бақтың ішінде өткізген уақыттар Элиза үшін ең керемет кез еді. Үш жасқа толғанда оның жақсы көретін, ауқатты әкесі дүниеден озады. Сол себептен Элиза отбасымен Америка Құрама Штаттарына көшеді.

Элиза Бернетт жастайынан кітап оқуға құмар еді. Достары Элизаның ойдан шығарған қызықты әңгімелерін айтып беруді сұрайтын. Оның қойын дәптеріне жазған хикаяларында жақсылық жамандықты жеңіп, күшті адам әлсіздерді қорғайтын.

Элиза өсе келе атақты жазушы болады. Оның үздік әңгімелерін Марк Твен, Оскар Уайлд, Генри Джеймс, АҚШ президенті мен премьер-министрлері оқыды.

Отбасын құрып, Элизаның екі сүйкімді баласы дүниеге келеді. Күлкісі мейірімге толы кішкентай баласы Вивиан кейін анасының тағы бір кітабының кейіпкері болады. “Фаунтлердің кішкентай мырзасы” атты кітап Элизаны әлемге әйгілі етеді.

Жазушы кедейлердің өмірін жақсы білген. Содан болар, әңгімелерінде адамдардың өмірін әсерлі баяндайды. Элизаның барлық кітабы мен әңгімелеріндегі басты ұстанымы – “Әлемде мейірімді жүректен асқан ұлы күш жоқ...”

# КЕЙІПҚЕРЛЕР



МӘРИ



КОЛИН



ДИҚОН



МАРТА



МЕДЛОҚ  
ХАНЫМ



КРЕВЕН  
МЫРЗА

# ҚҰПИЯ БАҚ



Мәри Леннокс Миссельтуейт-Менордағы көкесіне алғаш келгенде, жұрттың бәріне ұсқынсыз көрінетін. Шынымен де, өңі солғын, түр-әлпеті жүдеу, аурушаң адамдай әлсіз. Үндістанда туып-өскен соң өңі сарғыш тартқан Мәри бет-жүзі мен дене бітімі кішкентай, шашының түсі солғын, жұқарған, үнемі көңілі толмай жүретін он жасар қыз еді.

Мәри Леннокс Үндістанда ата-анасымен көптеген қызметшісі бар зәулім үйде тұратын. Әкесі ағылшын билігінде жұмыс істегендіктен, үйде көп болмайтын, бірақ жиі ауыратын. Анасы өте әдемі, нәзікжанды адам еді. Жақын достарына қонақасы беріп, сауық құрып, көңіл көтергенді ұнататын. Мәри дүниеге келгенде, анасы жаңа туған сәбиінің жүзіне бір қарамастан, қызметші қаранәсілді әйелге тапсыра салған. Үйде баланың бір дыбысы шықпасын деп қайта-қайта тапсырып, әдемі киініп алып, сауық кештерден шықпайтын.

Мәри анасын жақыннан көріп, бір сөйлескені есінде жоқ. Ана алақанының жылуын, бала кездің қызығын көрмей өскен қыз айналасындағы адамдарға салқын қарап, бұйыра сөйлеуді ғана білетін. Туғалы көргені – қаптаған қызметші. Қызметшілер кішкене қыздың барлық еркелігі мен қырсығына көніп, айтқанын екі етпей орындайтын. Сөйтіп, Мәри анасына тартпай, ұсқынсыз, қырсық, өркөкірек болып өсті.

Бір күні Мәри ұйқысынан тұра сала, қызметшісін іздеді.

– Қайда әлгі қызметші? Тез келсін! – деп айғайға басты. Бірақ қызметшісі сол күйі бөлмеге келмеді. Мәри бақшаға шығып, әдеттегідей талдың түбінде ойнап отырған. Екінші қабаттағы терезеден анасын көрді. Бүгін әдеттегідей емес, етегі кеңірек, көлбеңдеген көйлек киген екен. Бірақ көзі мұңды, бір нәрсеге алаңдаулы секілді.

– Сіз алдыңғы аптада тау бөктеріне кетуіңіз керек болатын. Жағдай ушығып тұр, – деді қасында тұрған офицер.

– Шынымен де індет тез тарап жатыр ма? Білем, ертерек кетуім керек еді. Бірақ мен сол болмашы қонаққа барам деп кетпей қалдым. Ақымақ басым-ай!

Бір кезде үйдің ішінен ащы айғай естілді. Қызметшілердің бірі келіп, тағы біреу індеттен көз жұмғанын хабарлады. Қызметшілердің бәрі жан-жаққа абдырап қашып, үй іші абыр-сабыр болып кетті.

Мәри үйдегі еңсені басар тыныштықтың себебін түсінді. Үндістанда тырысқақ ауруы шығып, жұрт жаппай қырылып жатыр екен. Индет Мәридің үйіне де жетіпті. Бір түнде қызметшілердің бәрі жан-жаққа безіп кетті. Мәри күндіз бөлмесіне кіріп алды да, содан кеш батқанша шықпады. У-шу арасында кішкене қызды ешкім ескермеген де секілді. Сол түні үйде қалған адамның бәрі індеттен көз жұмып, үлкен иелік қаңырап бос қалды. Бірнеше күнгі тыныштықтан соң, Мәри бөлмесінің есігі ашылғанын көрді. Бөлмеге екі офицер кіріп, кішкене қыздың сап-сау екенін көргенде көзі шарасынан шықты:

– Құдайым-ау шынымен де, үйде бала бар екен. Бәрі қырылып қалғанда, бұл қызды ұмытып кетті-ау. Бұл офицер мен ханымның қызы болса керек, – деді біреуі серігіне қарап.

– Мені неге ешкім іздемеді? Қызметшім қайда? – деді Мәри келген офицерлерге қарап.

– Байғұс қыз! Келетін ешкім қалмады, – деді офицер көзіне жас алып.

Сөйтіп, Мәри ата-анасы да, қызметшілері де бір түнде көз жұмғанын білді. Бірақ көзіне жас алып жылап, көңілі түскен жоқ.